

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 16 тамыздағы
№ 616 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің
кейбір жарлықтарына енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

1. «Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы № 317 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 559-құжат; 2002 ж., № 18, 196-құжат; № 32, 339-құжат; 2003 ж., № 20, 201-құжат; 2004 ж., № 19, 234-құжат; № 21, 265-құжат; № 33, 439-құжат 2005 ж., № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; № 39, 429-құжат; 2007 ж., № 43, 499-құжат; 2008 ж., № 9, 89-құжат; 2010 ж., № 2, 12-құжат; № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 19, 229-құжат; № 37, 438-құжат; 2012 ж., № 35, 457-құжат; № 58, 793-құжат; №74, 1067-құжат; 2013 ж., № 19, 320-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану туралы қағидаларда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тәртіптік теріс қылық (бұдан әрі - теріс қылық) - құқыққа қайшы, қызметшілердің өзіне жүктелген міндеттерді орындамау кінәсі не тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидаларын) бұзуы (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі), тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, сол сияқты «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің міндеттерін сақтамауы болып табылады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауды қоспағанда, «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес қызметшілерге тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жазаның мынадай түрлері қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

- 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) лауазымын төмендету;
- 6) атқаратын лауазымынан босату.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік қызметшіге мынадай тәртіптік жазаның түрлері қолданылады:

- 1) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 2) лауазымын төмендету;
- 3) атқаратын лауазымынан босату.

Қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза лауазымын төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану мүмкін болмаған кезде қолданылады.

Лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болған және мемлекеттік қызметші осы лауазымға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде қолданылады.

Атқаратын лауазымынан босату түріндегі тәртіптік жаза Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша қолданылады.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жазалар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) мемлекеттік саяси қызметшілердің жеке ісіне енгізу арқылы есепке алуға тиіс.»;

12-тармақтың 5-1) тармақшасы алып тасталсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Жаза қолданылған адамды тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қолданылған жаза туралы қолын қойдырып хабардар етеді.

Тәртіптік жаза қолдану туралы актімен жаза қолданылған адамды таныстыру мүмкін болмаған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) оған актінің көшірмесін хабарламалы хатпен жолдайды.

Жаза қолданылған адам тәртіптік жаза қолдану туралы актімен танысудан бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тиісті акт жасайды.»;

16-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16-1. Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзуға байланысты теріс қылықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер және олардың орынбасарлары жол берген Ар-намыс кодексінің бұзылуын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия) қарайды, ол қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымды, сондай-ақ лауазымды адамдарды лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзуға байланысты теріс қылықтарды, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері жол берген Ар-намыс кодексінің бұзылуын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестері қарайды, олар қызметтік тексеру жүргізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ лауазымды адамдарды лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жауаптылығы туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

Қызметтік тексеру тәртіптік жаза қолдануға уәкілетті адамның тапсырмасы бойынша жүргізіледі.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылады және оны теріс қылық жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.»;

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20-1. Жаза қолдану туралы мәліметтер мен актілерді мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) қызметшінің қызметтік тізіміне енгізу арқылы есепке алу тиіс.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған қызметшілерге мемлекеттік орган басшысы қолданған жазалар туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) міндетті түрде табыс етуі тиіс.»;

25-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ол тиісті актімен жүргізіледі, бұл туралы қызметшіге тиісті мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жариялайды.».

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы № 321 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 58, 562-құжат; 2002 ж., № 18, 196-құжат; 2005 ж., № 27, 329-құжат; 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2011 ж., № 19, 229-құжат; 2012 ж., № 80, 1178-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану қағидалары осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестері және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 1598 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005ж., № 27, 329-құжат; 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2011 ж., № 19, 229-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестері туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері (бұдан әрі – Тәртіптік кеңес) мемлекеттік тәртіпті нығайту, мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидаларын) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі) сақтауы мәселелерін қарайтын, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын үйлестіретін алқалы органдар болып табылады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тәртіптік кеңес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормалары мен Ар-намыс кодексін бұзуға жол берген, облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдеріне, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-О-4, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-3, Е-Р-1, Е-Р-2, Е-Г-1 санаттарындағы мемлекеттік қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті өзге де адамдарға (Парламент және мәслихат депутаттарынан, судьялардан басқа) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаға сәйкес оларға теңестірілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарайды.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Тәртіптік кеңестің жұмыс регламентін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Тәртіптік кеңестің негізгі міндеттері:

1) облыстар, Астана және Алматы қалалары, өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің, орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының немесе орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының өкілеттіктері белгіленген тәртіппен жүктелген лауазымды адамдардың, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе көрсетілген лауазымды адамдар болмаған жағдайда - орталық атқарушы органдар басшыларының, өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар, құқық қорғау және басқа да аумақтық мемлекеттік органдар (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) мен ұйымдар басшыларының қарауына осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдарды Ар-намыс кодексін бұзғаны және тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсынымдар енгізу;

2) осы Ереженің 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мемлекеттік тәртіпті нығайту, осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Ар-намыс кодексі талаптарын сақтауы жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар тұжырымдау;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия), Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның ұсынымдарын және Агенттіктің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормалары мен Ар-намыс кодексін бұзу фактілері туралы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау;

4) Агенттіктің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Ар-намыс кодексі нормаларын жетілдіру жөнінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың және осы Ережені 3-тармағында көрсетілген адамдардың Ар-намыс кодексін сақтауының тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

5) мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын жетілдіру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар енгізу болып табылады.»;

7-тармақ:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормалары мен Ар-намыс кодексін бұзуы фактілері бойынша тексерулер және қызметтік тексерулер жүргізу туралы осы Ереженің 6-тармағының 1) тармақшасында

көрсетілген адамдарға ұсыныстар енгізуге;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) жоғары тұрған мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға Тәртіптік кеңестің ұсынымын негізсіз орындамаған адамдарға қатысты, олардың жауаптылығын қарау туралы ұсыныс енгізуге;»;

9-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Тәртіптік кеңес мүшелері немесе оның хатшылығы қызметкерлерінің қатарынан Тәртіптік кеңестің отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны айқындайды;»;

мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) Тәртіптік кеңестің құзыреті шегінде тәртіптік іс қозғайды;

8) адамдардың теріс қылық жасағаны туралы мәліметтер мен материалдарды құзыреті бойынша уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жолдайды.»;

13, 14, 15 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Тәртіптік кеңес отырысқа қатысушы Тәртіптік кеңес мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Тәртіптік кеңестің мүшелері дауыс беру кезінде қалыс қала алмайды.

Тәртіптік кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша отырыстарда Тәртіптік кеңес мүшелерінің біреуі төрағалық етеді.

Тәртіптік кеңестің отырысы төраға, Тәртіптік кеңестің мүшелері, сондай-ақ Тәртіптік кеңес отырысының хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

14. Тәртіптік кеңес төрағасы қозғаған тәртіптік іс үш апта ішінде қаралуға тиіс.

Тәртіптік іс қызметшінің уақытша еңбекке жарамсыздығы, оның демалыста немесе іссапарда болу кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Тәртіптік іс Тәртіптік кеңестің отырысында қаралғанға дейін оның хатшылығы тексеру немесе қызметтік тексеру жүргізеді, оның барысында іске қатысы бар мән-жайлар мен мәліметтер зерделенеді, тәртіптік жауаптылыққа тартылатын адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етіледі.

15. Хатшылық тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдарды Тәртіптік кеңес отырысының орны мен өткізілетін уақыты туралы хабарландыру жөнінде шаралар қабылдайды.

Тәртіптік Кеңестің отырысында тәртіптік іс, егер тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдар отырыс өткізілгенге дейін үш күн бұрын тиісінше хабарландырылса, олардың қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

Осы Ережеде тиісінше хабарлау деп оның тікелей өзіне немесе онымен бірге тұрып жатқан кәмелетке толған отбасы мүшелерінің біріне қолы қойылып, хатпен, тапсырыстық хатпен немесе жеделхатпен табыс етілген хабарлама танылады.»;

«17. Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның, Комиссияның ұсынымдарын, Агенттіктің тапсырмаларын, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қараудың қорытындылары бойынша Тәртіптік кеңес уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға тексеру немесе қызметтік тексеру жүргізуге ұсыным жасай алады.»;

22-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтау мәселелері жөнінде тексерулер немесе қызметтік тексерулер жүргізу;»;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі нормаларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтауы саласында азаматтарды құқықтық ағартуға қатысу функцияларын жүзеге асырады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Хатшылықтың:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтауы мәселелері жөнінде тексерулер немесе қызметтік тексерулер жүргізуге;

2) мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдар мен өзге де субъектілерден тексерулерді немесе қызметтік тексерулерді жүзеге асыру үшін қажетті материалдар мен ақпарат сұратуға;

3) тиісті салалардағы мамандар мен консультанттар тексерулерге немесе қызметтік тексерулерге қатысу және қорытынды беру үшін тартуға;

4) құзыретіне тексерулер не қызметтік тексерулер барысында қозғалатын мәселелерді қарау кіретін мемлекеттік органдар қызметкерлерін тексерулерге не қызметтік тексерулерге тартуға;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы мен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі нормаларының талаптарын жетілдіру жөнінде Тәртіптік кеңестің қарауына ұсыныстар енгізуге құқығы бар.».

4. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия және облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 520 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 19, 319-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның лауазымдық құрамында:

«Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары,
мемлекеттік қызмет және әкімшілік реформа мәселелеріне жетекшілік етуші»
деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы».
